



Сыр бойы

23 сәуір, сейсенбі 2024 жыл

№62 (20736)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПАРЛАМЕНТ

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰРЫҒЫ

Кеше Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлдандығы туралы «ҚазАқпаратта» хабарланды.

Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев келтірген мәлімет шын мәнінде бұл мәселенің өте күрделі күйін көрсетеді.

– Деректерге жүгінсек, соңғы екі жарым жылда еліміздің шамамен әрбір бесінші адамы ойын ойнайды екен немесе құмар ойындарына қандай да бір қатысы бар. Ал оның ішінде 400 мыңдай адам ойынға салынып, букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиентіне айналған. Бұл дерт балалар мен жасөспірімдерді де шарпып отыр, – деді депутат.

Сондай-ақ құқық қорғау органдарының мәліметін келтірген ол шамамен 200 мыңға жуық кәмелеттік жасқа толмаған бала басқа адамның атынан букмекерлік кеңселерге бәс тігіп, құмар ойындар ойнайтынын, өзге адамның логинімен букмекерлік кеңселерге бәс тігуші адамдардың саны белгісіз екенін де атап өтті. Отбасы институтын әсіретуге құмар ойынның кесірі тиіп-ақ тұр. Мәжіліс депутатының айтуынша, еліміздегі ажырасулардың 40 пайызына осы лудомания тікелей себеп болып отыр. Тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа баратындардың дені – осы құмар ойынға шалдыққандар. Құмар ойынның суицидтің өршуіне әсері бар. Мәселен, 2022 жылы елімізде 3 мың 676 адам өзіне қол жұмсап қайтыс болса, олардың әрбір бесіншісінің себебі – лудомания.

– Өкінішке қарай, бұл дерт қазір әскерде де кең етек алған. Олардың көбі құмар ойынның шырмауынан шыға алмай жатқанын білеміз. Бұдан бөлек, құмар ойын қылмысқа да ықпал етеді. Елімізде қылмыс жасайтындардың 20 пайызы лудомандар екені белгілі болды. Олар басқа тігетін ақша табу үшін алдымен қарыз алады, содан соң ұрлық, тонау секілді қылмыстарға барады екен. Көпкейі экономикаға да әсері бар. Ойын нарығы айналысында үлкен қаражат айналып жатыр. Мәселен, былтыр букмекерлік кеңселердің жылдық айналымы бейресми ақпараттар бойынша 1 триллион теңгеге жеткен екен. Демек, мұның айналысында мүдделі топтар, лоббистер болатыны сөзсіз. Осында келтірілген мәліметтерден Қазақстанда ойынқұмарлық індеттей өрішіп, ел қауіпсіздігіне қатер төндіре бастағанын байқаймыз. Бүгін қарастырылатын заң жобалары осы мәселені барынша ауыздықтап, реттеуге арналған, – деді депутат.

2-бет

/// САРАП

ЖОЛ АПАТЫ НЕГЕ ЖИІЛЕДІ?

Құқықтық статистика комитетінің мәліметіне сенсек, өткен жылы облыста жол-көлік оқиғасынан 128 адам қаза тапқан. Оның 15-і – кәмелетке толмаған бала. Биыл жыл басынан бері аймақта көлік апатынан 7 адам жан тапсырған. Қазірдің өзінде көлік апатының көрсеткіші алаңдатады. Сондықтан аталған мәселенің себебі мен салдарына үңілетін уақыт жеткен секілді.

Есте болса, өткен жылдың соңында сенатор Бибігүл Жексенбай жыл сайын екі мыңға жуық адам жол-көлік апатынан қаза болатынын айтқан. Тіпті, ол осы дерекке сүйеніп, Қазақстан Орталық Азия елдері арасында ең жоғарғы көрсеткіште деп мәлімдеді. Орталық Азияның кей елінің жабық дереккөрі сенатор сөзін растауға мүмкіндік бермегені рас, әйткенмен көлік апатының елішілік көрсеткіші дабыл қағарлықтай жағдайда екенін жасыра алмаймыз. Мысалы, наурыз айына дейін республика көлемінде 4 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелді. Ал өткен жылғы сәйкес кезең, яғни 2023 жылдың наурызында бұл көрсеткіш 2,5 мыңға жетпейтін. Ахуалдың ушыққанын осыдан-ақ байқауға болады.

60 мыңға жуық азамат заңсыз жүргізуші куәлігін алған

Алдымен апаттың адами факторынан бастайық. Ел арасында «жүргізуші куәлігін сатып алуға болады екен» деген сыбыс бар. Шамамен сыбыс емес-ау, шындыққа жақын құпия. Олай дейтініміз, жуырда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі халыққа қызмет көрсету орталықтарын тексеруде 60 мыңға жуық азаматтың заңсыз жүргізуші куәлігін алғанын анықтады. Ресми дерекке сенсек, тиісті мекеме мамандары 3 жыл бойы заңсыз куәлік сатып, 3 мың көлікті жалған құжатпен тіркеген. ХҚКО-ның бірнеше маманы 2011 жылдан бері жанармаған жүйе арқылы заңсыз берінін тыс әрекеттерін жүзеге асырып келген.

– Компьютерлерге қашықтан қол жеткізу арқылы тұлғаларды ауыстыру және емтихан нәтижелері арқылы жүргізуші куәліктерін беру процесінде жемқорлық анықталды. Мәселен, 2022 жылы 9,4 мың автокөлікті тіркегені үшін 10,6 млрд теңге жиналды, 2023 жылы



Ашық деректер негізінде дайындалған. Б.Саламұрға

заңдастыруды ескере отырып, 10,2 мың автокөлікті тіркеген кезде 91,3 млрд теңге түсті, – деді Антикор мамандары.

Міне, сондықтан жыл өткен сайын куәлік алудың талабы қатаңдап, бақылау күшейді. Мемлекет заңсыз жүргізуші куәлігін алуды тежеу үшін жүйені автоматтандыруды жүзеге асыруда. Қоғамдық бақылау үшін

бейнеіркееу енгізіліп, емтихандарды қайта тапсыру ережесі нақтыланды. Жаңа талапқа сәйкес, енді емтиханды қайта тапсыруға екі рет мүмкіндік беріледі. Өте алмасаңыз, 3 айдан кейін қайта бақ сынауға болады. Ал тыйым салынған заттарды пайдаланған жағдайда 6 айға мүмкіндіктен қағыласыз.

3-бет



БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АРАЛДАҒЫ КҮНДЕРІ

Су тасқынынан зардап шеккен Батыс Қазақстан өңірінде 17 сәуір күні 103 оқушы мен 10 жетекші «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына келген болатын.

Балалар жайлы бөлмелерге орналасқан. Орталықта барлық жағдай жасалған. Жатын орындарда санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, 5 мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылуда. Балалардың ыстық тамағына Қызылорда қаласының кәсіпкері демеушілік жасаса, оқу процесін ұйымдастыруға Арал аудандық білім бөлімі жанынан жасақталған волонтер-мұғалімдер, атап айтсақ, №73 «Аманоткел», №21 «Қамбаш», №67 «Қосжар», №20 «Бөген», №63 «Ақбай» мектептерінің қызметкерлері атсалысауда. Сонымен қатар орталық мамандары денешынықтыру, музыка сабақтарын, «Қаржылық сауаттылық» курсы, психологиялық жұмыс және тәрбие сағаттарын кесте бойынша өткізеді. Түстен кейінгі ауысымда «Шебер қолдар», «Волейбол», «Футбол», «Қамбаш Медиа», «Бейнелеу», «Би», «Робототехника» үйірмелері жұмыс жасауда.

Балалар сабақпен қатар тәрбие шараларына да қаты-

суда. Күндіз ұзақ үзіліс кезінде түрлі ойындар ойнап, кешкілік «Биле, Қамбаш», «Ертегілер елінде», «КиноКеш», «Болмасан да ұқсап бақ» сияқты байқаулар өтуде.

Демалыс күні оралдық оқушылар Арал қаласына саяхаттады. Алдымен аудандық тарихи-өлкетану музейіндегі күнды жәдігерлермен танысты. Балықшылар аллеясындағы «Балықшылар мону-менті», кемелер жанында естелікке фотоға түсті. Әбді-жәміл Нұрпейісовтің әдебиет үйінде жазушының шығармалары туралы кеңірек білді. Саяхат кезінде Арал қаласының кәсіпкер қыздары дайындаған дастарханнан дәм татып, Арал аудандық оқушылар үйі тәрбиеленушілерінің концертін тамашалады.

Атап өтейік, оқушылар Батыс Қазақстан облысы, Теректі және Қаратөбе аудандарындағы Подстепный, Аңқаты және Аққозы ауылдарынан келген.

/// БРИФИНГ

АВТОМЕКТЕП БІТІРГЕНДЕР ҒАНА КУӘЛІК АЛА АЛАДЫ

Қазақстанда жүргізуші куәлігін өзі оқып алуға тыйым салынды. Бүгіннен бастап автомектеп бітіргендер ғана куәлік ала алады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы процессингтік орталығының бастығы, полиция подполковнигі Нұркен Бақтияров айтты.

Өзгеріске сәйкес, емтихан тапсыру және жүргізуші куәлігін беру ережелерінен А және В, сондай-ақ А1 және В1 категориясын өзіңізден оқып, куәлік алу тармағы алынып тасталды. Бұйрық 12 сәуірде жарияланған болатын. Бүгіннен бастап куәлік алғысы келетіндер көлік жүргізуге рұқсат беру туралы №073 медициналық анықтаманы және курс бітіргені туралы автомектеп берген анықтаманы көрсетуі қажет.

– Айтпа кетелік, елімізде жүргізушілерге өз бетінше дайындауға 2016 жылы рұқсат етілген болатын, яғни жүргізуші куәлігін алғысы келгендер емтихан сұрақтарына дайындалып, мамандандырылған ХҚКО-ларға барып, теориялық емтихан тапсырғаннан кейін практикалық сынақтан өтсе, жүргізуші куәлігін алуға мүмкіндігі болатын. 2019 жылдан бастап ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен ҚР ІІМ арасындағы жол картасы шеңберінде тіркеу емтиханы бөліністері қысқартылып, олардың функциялары мамандандырылған ХҚКО-ларға берілді. 2019 жылдың шілдесінен бастап Ішкі істер министрлігі өкілдері «автоқондалардан» шығарылды, – деді Нұркен Бақтияров.

Сол уақыттан бері орын алған жол-көлік оқиғалары мен олардың орын алу себептеріне министрлік жасаған талдаулар барысында депутаттардың, үйлестіру кеңестерінің шешімімен заңнамаға өзгерістер енгізуге тура келді. Өзгеріске түрткі болған басты мәселе – көше жолдарындағы қауіпсіздік, адам өмірін сақтау.

Бұдан былай автомектеп бітіргені туралы куәлік талап етілетін болады. Ал автомектептердің ақпараттық жүйелерінен курс-тың басталу және аяқталу уақытын Ішкі істер министрлігі қалағалайды. Мысалы, В категориясын алғысы келгендер 2-2,5 ай оқуы керек болса, талапкердің осы уақыт аралығында автомектепте оқуы бақыланбақ.

Бүгінде облыста 32 автомектеп бар. Олардың 17-сі Қызылорда қаласында. Алдағы уақытта автомектептердің білім беру деңгейін министрлік бақылауда ұстап, мониторинг жасап отырады.

«СБ» ақпарат

/// ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫС – ДАМУҒА КЕДЕРГІ

Қоғамға, азаматтарға аса зор материалдық нұқсан келтіретін экономикалық қылмыстар өте қауіпті. Қазіргі кезде ол кең тарап, жаңа форматта өрбиде. Бұл ретте қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында, сондай-ақ экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеруде облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті бірқатар жұмыс атқаруда.



Мәселен, осы жылдың I тоқсанында 27 іс анықталып, оның 11-і өндіріспен аяқталған, яғни 6 іс сотқа жолданып, 5 іс ақталмайтын негізде тоқтатылған.

Мемлекетке 620 млн теңге көлемінде залал келтіріліп, 455 млн теңгенің мүлкіне тыйым салынған. Сондай-ақ қаржылық тергеп-тексеру барысында 47 млн теңгенің мүлгі анықталып, тыйым салу жұмыстары жүргізілген.

– Аймақта құқық бұзушылықтың тіркелуі алдыңғы жылдарға қарағанда төмендеген. Бірақ бұл – қылмыс азайды деген сөз емес. Қазір біздер саннан гөрі сапаға көңіл бөлу ұстанымымен жұмыс жасаймыз, яғни, залал мөлшері көлемді (50 млн-нан жоғары) және бұған дейін жедел іздестіру шаралары толық жүргізілген қылмыстық

істерді анықтауға басымдық беріледі. Аса ірі емес құқық бұзушылықтар бойынша материалдар қаржы органдарына тексеруге ұсынылып, салықтық әкімшілендіру шеңберінде қарастырылады.

Сондай-ақ департамент қылмыстық істерді 100% электронды форматта тіркеп аяқтайды. Барлық басым бағыт бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп, нәтижесімен жыл басынан бері 19 қылмыстық іс тіркелді.

Осылайша есептік кезеңде залал мөлшері 252 млн теңгені құрайтын 58 автокөлік құралын заңсыз тіркеу фактісі анықталды. Сонымен қатар, мемлекеттік жеңілдетілген несиені заңсыз алу және алаяқтық деректері анықталып, сотқа дейін тергеу жүргізілуде, – дейді департамент басшысының міндетін атқарушы Арман Жанәділов.

Бүгінде департамент ҚР ҚМА-ның қолға алған «Бизнесімізді қорғау» жобасы бойынша да жұмыстар жүргізуде. Бұл жоба өз ісін жауапкершілікпен және адал жүргізіп отырған кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға, құқықтық қудалауға ұшырауы мүмкін азаматтардың санын азайтуға бағытталған.

Жыл басынан бері азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу фактілері орын алмаған.

– ҚМА, ҰҚК, ІІМ және прокуратураның бірлескен бұйрығы негізінде жедел және тергеу кабинеттері видеокөмегімен жабдықталған, бұл – барлық тергеу әрекеттерінің заң аясында жүргізілетінінің негізгі кепілі. Мұндай қадам қызметкерлер немесе қылмыстық процесске қатысушы тарапынан заңсыз әрекеттердің алдын алуға немесе болдырмауға мүмкіндік береді, – дейді Арман Барысханұлы.

Қалтаны қаққан қаржы пирамидасы

Қоғамның алаңдаушылығын туғызған мәселенің бірі – қаржы пирамидасы мен интернет алаяқтықтың қарқын алуы. Елімізде түрлі форматтағы алаяқтық жобалар көбейіп барады. Бүгінде олар жұмысын зотарапандырып үлгерген. Сондай қаржы пирамидасының бірі – «Qnet». Қанша уақыттан бері елімізде жұмыс жасап, халықты қарызға батырған бұл пирамиданы көбі білсе де, қурығына түскендер қатары аймайы түр.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚАЗАЛЫДА ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ БАР?

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Қазалы ауданының өзекті мәселелері талқыланып, алдағы міндеттер айқындалды.



Аудан әкімі Мейрамбек Шерманбет ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағыты, құрылыс нысандары туралы баяндады.

Биыл ауданда бюджет қаражаты есебінен 12 нысан салынады. Оның ішінде, өткен жылы басталған 4 нысанның құрылысы жалғасты, биыл 8 жаңа нысанның іргетасы қаланбақ. Нәтижесінде ауданда 3 спорт кешені, 1 ауылдық клуб, баспанаға мұқтаж тұрғындарға жана пәтерлер салынып, инфрақұрылым желілері жүргізілмек.

Тұрғындарды толғандырған мәселе – аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей»

автомобиль жолының 16-шақырымындағы «Қарлан» учаскесінен Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысын салу. Аймақ басшысы тиісті басқарма басшысы мен аудан әкіміне аталған құрылысты жаңғыртуды және талапқа сай етіп аяқтауды тапсырды.

Мұнан бөлек, биыл аудандық маңызы бар «Әйтеке би-Қазалы» 7,1 шақырым автомобиль жолын қайта жаңғырту жоспарлануда. Жобадан жолды жөндеу, жарық бағаналары мен автобус аялдамаларын орнату, 2 көпір және 2 су өткізу құбырын қайта жаңғырту қарастырылған.

Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарының сапасын әрі кестеге сәйкестігін қатаң қадағалауды тапсырды. Сондай-ақ биылғы «Руханият жылында» барлық ауданда салынатын «Руханият» орталықтарының құрылысына ерекше назар аудару қажет. Еске салсақ, қазіргі уақытта барлық ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жас-тар сарайы, ардагерлер мен аналар үйінің басын біріктіретін, құны 11 млрд 500 млн теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары салынады. Бұл орталықтарға көпшілік жиналыс, бос уақытын өткізеді, тәжірибе алмасады.

Айта кетейік, биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Қазалы ауданы Жанкожа батыр ауылындағы 300 орындық мектеп пайдалануға беріледі. Сондай-ақ Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының ортасындағы 600 орындық мектеп құрылысы басталады.



«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Сыр өңірінде «Киелі мекен» апталығы аяқталып, жалпыоблыстық сенбілік өтті.

Барлық елді мекенде тазалық жұмыстары жүргізіліп, саялы ағаш көшеттері отырғызылды. Облыс орталығында ұйымдастырылған сенбілікке 2570 адам қатысып, 16 техника жұмылдырылды, орталық полигонға 500 текше метр қоқыс шығарылды.

Еске салсақ, Сыр өңірінде «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Таза Қазақстан – таза аймақ» науқаны бастау алған болатын.

Акция 5 кезең бойынша өтуде. Өр аттаға:

1. «Таза өлке» апталығы (6-13 сәуір);
2. «Киелі мекен» апталығы (14-20 сәуір);
3. «Жасыл аймақ» апталығы (21-27 сәуір);
4. «Өнегелі ұрпақ» апталығы (28 сәуір - 4 мамыр);
5. «Мөлдір бұлақ» апталығы (5-11 мамыр) деп тақырыптық атаулар берілген.

СЫРДАҒЫ СЕНБІЛІК СЕРПІНДІ ТҮРДЕ ӨТУДЕ



«Киелі мекен» апталығы Шиелі ауданы, Қаратау жотасының Бала Сауыскандық шатқалындағы Сауыскандық петроглифтері аумағында қорытындыланды.

Оған мәдениет, өнер саласының қызметкерлері, қоғам белсенділері, еріктілер, ауыл тұрғындары қатысты. Сенбілікте петроглифтер ману тазартылып, көшет отырғызылды. Апталық кезінде облыстағы 300-ден астам тарихи-мәдени нысанда тазалық, танымдық шаралары өткізілді. Оған 40 мыңға жуық адам қатысты.

Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға қойылған белгі, Амангелді Иманов, Жанкожа

Нұрмұхамедұлы ескерткіштерінің аумағы көркем кейіпке енді. Игі бастамаға аралдықтар да атсалысып, аудан тұрғындары Балықшылар музейінің ауласына тазалық және көркейту-қоғалдандыру жұмыстарын жүргізді, Әбдіжәміл Нұрпейісов музейі аумағын өктеп-сырлады.

Қазалы ауданындағы Жанкожа батыр кесенесі мен Г.Мұратбаевтың мемориалдық музейінің аумағында тазалық жұмысы қарқынды жүрді. Бұдан бөлек қазақ хандығы астаналарының бірі «Жанкент» қалашығы мен Бегім ана мұнарасы, Кердері кесенелерінің аумақтары да абаттандырылды.

Қармақшылықтар түркі жұртына ортақ қасиетті мекен Қорқыт ата

ескерткіш-кешені мен Марал ишан, Қалқай ишан кесенелеріне тазалық жұмыстарын жүргізді.

Жалағаш ауданында да Бұқарбай батыр, Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіш, Түмен әулие кесенесінің аумақтары тазартылды. Көшет отырғызылып, құл-қоқыс шығарылды.

Сырдария ауданында Асанас, Қышқала қалашықтары мен Қалжан ахун мешіт-мдресесі аумағындағы игі бастамаға тұрғындар белсене атсалысты.

Шнелі ауданындағы Оқшы ата қорымының айналасында тазалық шарасы ұйымдастырылды. Жаңақорғандағы Қорасан ата кесенесі, Сығанақ қалашығы мен тарихи терең мәдени ескерткіштер маңы қоқпастан тазартылды.

Апта соңында Жалаңтөс баһадүр ескерткіші, Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіш, С.Қожанов, Ы.Жақаев бюсттері мен Мұстафа Шоқай, Бұқарбай Естекбайұлы, Гани Мұратбаев ескерткіштері, Батырхан Шөкенов атындағы саябақ жинақы қалыпқа келді.

Негізінде облыс көлеміндегі көркейту-қоғалдандыру және санитарлық-тазалық сенбіліктері барлық елді мекенде көктемнің алғашқы күні 1 наурыздан бастау алып, тұрақты түрде жүруде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰРЫҒЫ

Біріншіден, заң жобасында максималды түрде букмекерлік кеңселер мен казинолардың жарнама-сын шектеу қарастырылған. Онда үйлердің қабеттерінде, фасадтарында, ғимараттарда, құрылыстардың қоршауларында, көлік құралдарында сыртқы жарнамаға тыйым салынады.

Интернет ресурстарында, ресми сайттарда, телеарналар мен радио, мерзімді баспа басылымдарында, кино беттерінде, мобилді операторлардың емс хаттамаларына да жарнамаға толық тыйым салынады. Енді белгілі блогерлер мен әлеуметтік желідегі танымал тұлғаларға мұндай ойын түрлерін жарнамалауға тыйым салынады. Жарнама тек спорттық объектілер, спорттық бағыттағы сайттар, телеарналар мен спорттық іс-шараларда ғана рұқсат етіледі.

Екіншіден, ойында бас тігу жасы 21 жастан 25 жасқа дейін көтеріледі.

Үшіншіден, өтелмеген алименттік және несиелік қарызы бар азаматтардың құмар ойынға бас тігу

1-бет

мүмкіндігі шектеледі, яғни борышкерлердің бірін-ғай реестрінде мәліметтері бар жеке тұлғаларды құмар ойындарға және бас тігуге жіберуге тыйым салу белгіленеді.

– Ойнау жасына келмеген азаматтардың құмар ойындарына және бас тігуге қатысуы шектеледі. Оларға заңсыз ойын ойнауға мүмкіндік берген заңды тұлғаларға қомақты көлемде айыппұл салынады және қайталанған жағдайда лицензиялары тоқтайды. Сонымен қатар заңсыз онлайн казино ұйымдастырушыларға Қылмыстық кодекстің 307-бабы бойынша жаза қолданылады. Атап айтқанда, мүлкі тәркіленіп, 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жаза қарастырылған. Мұнымен қоса, заңсыз лотоматиктер мүлдем жойылады. Сондай-ақ балалар, білім беру, медициналық, діни ұйымдар орналасқан тұрғын үйлер мен ғимараттарда лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға

тыйым салынады, – деді Елнұр Бейсенбаев.

Бұл ретте шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың тізімі жасалады, сондай-ақ банктер мен төлем жүйелеріне олардың пайдасына қаржылық операциялар жүргізуге тыйым салу ескерілген.

– Букмекерлік кенесің немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың өз аппараттық-бағдарламалық кешендерінің Мемлекеттік кірістер органының ақпараттық жүйелерімен интеграциялануын қамтамасыз ету міндеті белгіленеді. Сондай-ақ Ұлттық Банктің, Қаржылық мониторинг агенттігінің, Әділет министрлігінің базаларын біріктіру арқылы ойнаушының тұлғасы бейнеметриялық тұрғыдан анықталады, – деп толықтырды депутат.

Бұдан бұрын хабарланғандай, аталған заң жобасы аясында мемлекеттік қызметшілердің, құқық қорғау және әскери қызметкерлердің бас тігуге тыйым салу ескерілген.

«СБ» ақпарат

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫС – ДАМУҒА КЕДЕРГІ

Бұл ретте Қызылордада «Qnet» қаржы пирамидасының құрылымдық бөлімшесі ұйымдастырған ағайынды екі азамат ұсталып, 5 жыл мерзімге сотталды. Олар құрылымдық бөлімшені облыс аумағында 2020-2021 жылдар аралығында құрған, қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке тартылған қаражатты пайдаланбай, осы активтерді қайта бөлу және басқа қатысушылардың жарналары есебінен байыту жолымен ұйымдастырып отырған.

Аталған қаржы пирамидасынан 40 салымшы зардап шеккен. Шығын көлемі 53 млн теңгені құрайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында келтірілген шығын салымшыларға толық қайтарылған.

Сондай-ақ жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде жыл басынан бері «Кибернадзор» жүйесі арқылы 185 сілтеме бұғатталды, 5 ақпанат жойылды.

Қоғам дерті – құмар ойын

Жарнамасы мықты, ұсынысы көз қызықтырып адамдарды жолдан тайдырып отырған әрекеттің бірі – заңсыз құмар ойындар. Түрлі форматтағы қаржылық алаяқтық жобаларының және заңсыз ойын орындарының құрығына ілігіп, қаражатынан айырылып, отбасы мен ортасының берекесін кетіріп жүрген жерлестеріміздің саны ондап, жүздеп, мыңдап өсіп барады.

Мысалы, департамент 600 млн теңге көлемінде банктің ақшасын жымқырған екінші деңгейлі банктің қызметкеріне қатысты қылмыстық істі аяқтап, сотқа жолдаған.

Тергеу барысында ұрланған ақшаның басым бөлігі құмар ойындар мен онлайн казиноларға жұмсалғаны анықталып отыр. Ол өз атынан тіркелген логиннің есепшотына бір ғана букмекерлік сайттың өзіне 160 млн теңге көлемінде ақша салған.

– Құмар ойынның құрбанына айналмаудың бірден-бір жолы – алдын алу жұмыстарын жүргізу. Департамент халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға, құмар ойынның құрбаны болудың алдын алуға, күмәнді қаржылық пирамидалар мен ойындарға қатысудан бас тартуға бағытталған түрлі шаралар ұйымдастырады.

Сондай-ақ кейінгі уақытта әлеуметтік желілерде заңсыз ойындар ұйымдастыру үрдісі өсуде. Биыл заңсыз

ойын бизнесі бойынша 2 қылмыстық іс тіркелді. Атап айтатын болсақ, аймақ тұрғыны «Instagram» әлеуметтік желісінде тікелей эфирде бас тігушілердің қатысуымен ойын ойнайды. Одан түскен заңсыз кіріс 13 млн теңгеден асты. Қылмыстық іс сотқа жолданды, – дейді облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті тергеу басқармасының басшысы Ерлан Қасқырбайұлы.

Айта кету керек, кейінгі 2 жылда департамент өндірісінде заңсыз ойын бизнесіне қатысты 23 қылмыстық іс тіркеліп, 22 ойын орны жабылған.

– Құмар ойынға деген тәуелділік – қазақ қоғамына дендеп бара жатқан дерт. Бұл ретте біздер жергілікті «Qyzylorda» және «Қазақстан» ұлттық телеарнасымен бірлескен бірнеше талдау материалдарын жасап, оған ойынқұмарлықтан, ішімдіктен зардап шеккен кейіпкерлерді, психолог-дәрігерді қатыстырдық. Мұндай шаралар адамға ой салады, оң нәтижесін береді деген мақсатпен жасалып отыр. Сондай-ақ департамент қызметкерлері құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын жасауда. Білім беру, мектепке дейінгі оқу орындарында және ірі кәсіпорындарда қаржылық сауаттылық тақырыбы бойынша үнемі сабақтар жүргізіледі.

Сонымен қатар облыстағы көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, қауіп-қатерлерді жою және туындаған мәселелерді шешу мақсатында департаменттің бастама-сымен облыс әкімдігі жанынан көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия құрамына барлық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары қосылды. Бұл комиссия аймақтың ерекшелігіне байланысты түйткілді мәселелерді қарайтын болады. Алғашқы кездесуді жақын арада өткізу жоспарлануда, – дейді департамент басшысының міндетін атқарушы.

Жазадан – алдын алуға

Бүгінде департамент жұмыс бағытын жазалаудан превенцияға қайта бағдарлап отыр.

Бұл ретте департамент «Қызылорда-Ұлытау облысы шекарасы» (216 шақырым) көлік жолын қайта жаңғырту жобасына қашықтан талдау жүргізіп, нәтижесінде 1,5 млрд теңгеден астам қаражаттың мақсатсыз пайдалану тәуекелдерін анықтады.



Ашпақ дереккөз негізінде дайындалған. Б.Саламұрға

– Аталған деректер бойынша, «Қазавтожол» АҚ-на және облыстық әкімдікке, жол құрылысының сапасын бақылауға алу туралы хаттар жолданды.

Уақытында қабылданған шаралар нәтижесінде жоба құнының негізгі өсуіне жол берілмеді (жоба құны 70 млрд теңге), Ұлытау облысындағы осы тектес жобаның құны 90 млрд теңгеден 140 млрд теңгеге дейін, яғни 50 млрд теңгеге қымбаттады. Бұл бағытта жұмыс жалғасауда, тұрақты мониторинг жүргізілуде, – дейді Е.Қасқырбайұлы.

Департамент жұмысының негізгі бағыттарының бірі – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру және қадағалау.

Облыс әкімдігі жанынан құрылған комиссия ай сайын жергілікті жерде өндірілетін азық-түлік тауарларына (күріш, тұз) бағаны негізсіз көтеру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жеткізуші делдалдардың бағасын қадағалайды.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату барысындағы үстемесін асыру бойынша 4 факті анықталған. Асырғандар әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Мемлекеттік органдарда сатып алу кезінде өнімсіз делдалдарды жоюдың оң тәжірибесі бар, 3 мемлекеттік мекемеде 11 өнім бойынша 6 делдал алып тасталып, нәтижесінде баға төмендеп бюджет қаражаты 6 млн теңгеге үнемделді.

– Өздеріңіз білетіндей, еліміздің 10 өңірінде су тасқынына байланысты төтенше жағдай режимі жарияланды.

– Оқымай, куәлік сатып алу дегенге қарсымын. Көлік айдауды бүге-шүгесіне дейін меңгеріп, ережені ескеру керек. Бұл – жүргізушінің амандығына кепіл. Градус, жылдамдық шегі, жол ережесі мен белгілерін жадыда сақтау қауіптің алдын алады. Көлік жүргізуге қабілетті болғанмен, теориялық тұрғыда білімсіздік қателікке ұрындырады.

Жаппы көлік жүргізудің де әдебі мен мәдениеті бар. Тіпті жолда өзге жүргізушілерге де құрмет көрсету соның айғағы. Мәселен, МАИ қызметкерлерінің алдында кінәлі болмас үшін белбеуді тақандай кейіп танытады. Бұл ережеге қырын қарауды көрсетеді. Әйтпесе қауіпсіздік жеке бастың сақтығы үшін қажет емес пе? Жол апаты кезінде ауыр жақат алуға да осы себеп. Бастысы, әдеттегі оқып, көлік жүргізу дағдысын дамытуға кенес беремін, – деді «Қазақстанның автотектестер қауымдастығы» облыстық филиалының менеджері Әйкерім Шәмші-мұратова.

Ережені елеу ерлік емес

Жол ережесін сақтамауды абырой санайтындар бар. Қауіпсіздік белдігін тақтау, жылдамдық асыру, қарама-қарсы бетке өту, бағдарламда басып озу бәсекеге айналғандай. Өкініштісі көбі тек жол апаты орын алғанда ағат қылығын түсініп, бармақ тістеп жатады. Ал ол кез – кеш. Қанша өмірді қыршып қырып, шығындап алған мүлкін құл-талқан ету мәңгі сабақ болып қалмақ.

Сондықтан көлік жүргізу мәдениеті мен жол ережесін сақтау идеясы жиі көтеріледі. Жуырда Ұлттық құрылтай отырысында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ережені сақтамауды жүгенсіздікке балап, тәртіп қатаң бақылауда болатынын жеткізген еді. Құқықтық мәдениет деңгейін артартарын айқын көрсеткіштің бірі – азаматтарымыздың көлік жүргізу мәнері екенін баса айтты.

– Жол жүру ережесін жаппай бұзудың және жол үстіндегі дөрекіліктің зардаптары аса ауыр боп тұр. Жыл сайын мыңдаған адам мен бала көлік апатынан қаза табады. Бұл – солардың жақын-жуықтары үшін ғана емес, тұтас еліміз үшін қайғылы жағдай. Заң бар жерде, тәртіп бар, – деді Президент.

Заң бары рас. Жол тәртібіне бағынбағандардың жаза арқалағанын көріп жүрміз. Құқықтық статистика комитетінің мәліметіне сүйенсек, өткен жылы 95 азамат масаң күйде көлік айдап, істі болған. Өкініштісі, оның ішінде 5-үй кемелетке толмаған балалар екен. Бұл – қылмыстық құқықбұзушылық.

Әкімшілік айып та қалыспайды. Тақырыпқа қатысты арнайы ақпарат берген облыстық полиция департаментінің мамандары бұны көрсеткіш көтерілімесе, төмендемейтінін болжап отыр.

– Есепті мерзімде жол-көлік оқиғалары 85,5 пайызға артты. Жыл басынан бері масаң күйде көлік басқару бойынша 150, қарсы бағытқа шығу бойынша 28, жылдамдық асыру бойынша 14 184, ұялы телефон қолдану бойынша 1 112, жаю жүргізушіге жол бермеу бойынша 1 026 құқықбұзушылық анықталды. Сондай-ақ қауіпсіздік белдігін тақтаған 2 932 жолаушы, ереже бұзған 1526 жаю жүргізуші жауапқа тартылды. Көбі жылдамдықты шамадан тыс асыру, авариялық ахуал туғызу, жолда жүру ережелерін өрескел бұзу салдарынан орын алған, – дейді ЖІПКБ бастығы Дәурен Майрхұлов.

Апатқа себеп болудың салдары ауыр. Жеңіл құтылудың өзі айыппұлдан басталады. Жол жүру қағидаларын бұзған жағдайда 10 АЕК айыппұл салынады. Материалдық шығын келтірген болса, 6 айға дейінгі мерзімде көлік құралын басқарудан шектеледі немесе 20 АЕК мөлшерінде ақша төлеу міндеттеледі. Егер де апат барысында адамды жарақаттап, денсаулығына жеңіл зиян тигізсе, 40 АЕК көлемінде айыппұл төлейді, болмаса 9 ай көлемінде көлік айдау құқығынан айырылады. Жүргізуші бағдарламаның қызыл түсіне өтіп кеткен жағдайда 10 АЕК арқаласа, құқықбұзушылық қайталанған жағдайда айыппұл мөлшері 15 АЕК-ке өседі. Мұның барлығы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексте нақты көрсетілген.

Құқық қорғау органдары мәселенің салдарымен емес, себебімен де жүресуіне бет алған. Мысалы, облыста жол-көлік оқиғасының алдын алу мақсатында жылдамдық өлшеудің автоматтандырылған жүйелері орнатылған. 10 «Ekin Patrol G2» жүйесі және 21 «VUEWO» бейнебақылау жүйелері қалт жібермей қадағалауға септесуде.

– «Ekin Patrol G2» жылдамдық өлшеу құрылғысының 5-үй қала, кент орталықтарында қызмет атқарса, қалғаны республикалық маңызы бар автожолдарда тұр. Бұдан өзге жол апатының алдын алу бағытында «Қауіпсіз жол-1», «Бала сідің жолаушының-1», «Автобус-1», «Тасымалдаушы-1» және «Мотоцикл-1» акциясы өткізілуде, – дейді департамент маманы.

Әрине, жалғыз кінәлі тарап жүргізуші десек, бұрыс болар. Жол апатына себеп болатын жаю жүргізуші бар.

ЖОЛ АПАТЫ НЕГЕ ЖИІЛЕДІ?



Апатқа себеп болудың салдары ауыр. Жеңіл құтылудың өзі айыппұлдан басталады. Жол жүру қағидаларын бұзған жағдайда 10 АЕК айыппұл салынады.

шылық. Рұқсат етілмеген тұстан жолды кесіп өту арқылы апатқа итермеленген жайттарды көріп жүрміз. Мәселен, Қызылорда қаласында жыл басынан бері жол қозғалысы ережесін бұзған 900-ге жуық жаю жүргізуші жауапкершілікке тартылған.

– Арнайы жаю жүргізушілер жолағынан емес, жолдың кез келген бөлігіннен кесіп өтіп, жол ережесін бұзған азаматтар азаймай тұр. Сол себепті бейнекамера және патрульдік полиция қызметкерлері арқылы бақылау күшейтуге тура келеді. Жыл басынан бері жаю жүргізушілердің жол қозғалысы ережесін бұзған 890 азамат анықталып, әкімшілік хаттама толтырылды. Барлығы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 615-бабымен жауапкершілікке тартылады, – делінген Қызылорда қалалық полиция басқармасының мәліметінде.



Апатқа себеп болудың салдары ауыр. Жеңіл құтылудың өзі айыппұлдан басталады. Жол жүру қағидаларын бұзған жағдайда 10 АЕК айыппұл салынады. Материалдық шығын келтірген болса, 6 айға дейінгі мерзімде көлік құралын басқарудан шектеледі немесе 20 АЕК мөлшерінде ақша төлеу міндеттеледі. Егер де апат барысында адамды жарақаттап, денсаулығына жеңіл зиян тигізсе, 40 АЕК көлемінде айыппұл төлейді, болмаса 9 ай көлемінде көлік айдау құқығынан айырылады. Жүргізуші бағдарламаның қызыл түсіне өтіп кеткен жағдайда 10 АЕК арқаласа, құқықбұзушылық қайталанған жағдайда айыппұл мөлшері 15 АЕК-ке өседі. Мұның барлығы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексте нақты көрсетілген.

Инфрақұрылымда ағаттық бар

Аңғарсақ, апаттың бір себебі жол жайына тәуелді екен. Сапасыз салынған автожол жүргізушіні өбігерге салып, ойдым жолдан қашамын деп от басқан оқиға да аз емес. Болмашы себеп көрменіз, негізгі кемшілік те осы бағытта орын алатындай. Себебі кей сарапшы жолдың сапасы қауіпсіздікке тікелей әсер етеді деген пікірде.

Бұл ойға қосылмасқа шара жоқ. Мысалы, сапалы жолдар рейтингінде көш бастап тұрған Сингапур елінде апаттан қаза болатындар саны аз. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сенсек, бұл мемлекет адам өлімі бойынша 179 елдің ішінде 174 орында тұр. Демек адам қауіпсіздігі алдыңғы орында, қаза көрсеткіші жоқтың қасы.

Ал Қазақстан ше? Жол сапасы мен қауіпсіздік қай деңгейде? Осы мәндес сауал көтерілсе, көбінің сын айта жөнелері белгілі. Бұл орында да. Неге десеңіз, елдегі жол сапасы адам аярлық күйде. Инфрақұрылым нашарлығы, жолдағы қауіпсіздік деңгейінің төмендігі салдарынан апат ұлғаюы. Статистикалық ма-

ліметтерге сүйенсек, барлық жол-көлік оқиғаларының 73 пайызы елді мекендерде орын алады, яғни маңызды магистральда кемшілік бар деген сөз.

Олқылықты маманның өз аузынан естімекке елордалық транспорт инженері Мақсұт Өтембердиевке хабарластық. Сарапшы жол-көлік оқиғаларының жол инфрақұрылымына қатысы барын растады.

– Жол-көлік оқиғасының себебі көп. Маңыздысына тоқталайын. Алдымен жаю жүргізушілер жолағы мен белгілердің дұрыс құрылмауын баса айтқым келеді. Сондай-ақ белгілерді жаңартпау, негізсіз орнату, жолдағы ықтимал оқиғаларды елеу де мәселені күрделендіре түседі. Бұл жерде ескертілмей жайт, оқиға кезінде жаю жүргізуші көп зардап шегеді. Мысалы, елдегі жол-көлік оқиғаларының 25 пайызында жаю жүргізуші зардап шегеді. Осыны қаперге алсақ, автожолдағы жаю жүргізушіге ар-

ты белгі және кедергілерге соғылудан қорғайтын 500 жол буфері орнатылған. Жаюлар салдарынан болатын көлік апаттарын азайту үшін 1,5 мың шақырымға жуық қорша орнатылған. Жаю жүргізушілерді елді мекендер маңындағы соккыдан қорғау үшін 52 айналма жол ашылып, жаю жүргізушілерге арналған 32 жерүсті көпірі салынған.

Қозғалыс қарқынына қарамастан, қалалар арасында төрт жолақты төрт мың шақырымнан асатын республикалық автожол салу жоспарланған. Бұл – «Жезқазған-Қарағанды», «Атырау-Орал», «Ақтөбе-Қызылорда» жолдары, – деді Талғат Ластаев.

Жедел құтқару жанталасы

Тақырып аясында облыстық ТЖД жедел құтқару жасағының басшысы Бақыт Ембергеновпен байланысқан болатымыз. Өйткені апаттың себебін айту оңай, ал салдарын көзбен көру, жан тапсырған жандардың шарасыз көзқарасын бақылау мәселеге басқа мазмұн беретіндей. Құтқару жасағындағылар – көлік апаты кезінде көмекке келетін алғашқылардың бірі. Бүгінде құрамында 77 маманды топтастырған жасақ нәтижелі жұмыс істеуде.

– Жол-көлік оқиғалары кезінде түрлі төтенше жағдай орын алады. Жолаушылар көлікте қыстырылып, жараланғандарды арнайы техника көмегімен шығару алмайтын сәт туындауы мүмкін. Сондай төтенше жағдай кезінде жедел-құтқару жасағы жолға шығады. Өткен жылы жол-көлік оқиғаларына байланысты 9 рет көмекке барсақ, биыл жыл басынан бері құтқарушылар 4 ірі жол-көлік оқиғасында қызмет істеді, – деді Бақыт Ембергенов.

Құтқарушылар өткен жылы 4 адамды құтқарып, 8 адамның денесін шығаруға жәрдемдескен. Биыл жол-көлік оқиғасында зардап шеккен 1 адам құтқарылып, көз жұмған 4 азаматтың денесі шығарылды.

Орайы келгенде жасақ басшысына ел көкейіндегі сауалды қойдық. Жол-көлік апатында жиі кездесетін себепті атауын сұрағанымызда, маман қарапайым қағидаларға қайталады.

– Жол-көлік оқиғаларына түрлі себеп итермелейді. Оның ішінде темір тұлпар тізгініндеген жылдамдықты шектен тыс асыру, қарсы бетке шығу, ережені сақтамаудың әсері басым. Сондай-ақ жол бойына жайылып жүрген мал шығып, қозғалыс кедергі келтіретін дерек те көп. Қаншалықты тәжірибелі жүргізуші болса да техника кез келген уақытта істен шығуы мүмкін екенін ескеру қажет, – дейді ол.

Vision Zero қауіпсіз әдіс пе?

Қазір Vision Zero жол қозғалысы қауіпсіздігі жүйесі танымал. 1997 жылы Швецияда пайда болған жүйе апаттың алдын алуға бағытталған озық технология саналады. Мақсаты да айқын. Жаю жүргізушілер мен велосипед жолын жақсарту, қиындықтарды қауіпсіздік жүйелерін орнату және жол жарығын ұлғайтуды басым бағытқа айналдырған. Қысқаша айтқанда, қауіпсіз инфрақұрылымдық жол қозғалысын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда 2019 жылы Vision Zero ны қолданыса енгізді. Бүгінде айтарлықтай нәтиже бермесе де бұл бағыттағы ізденіске жол ашқан болатын. Инженерлік, архитектуралық және технологиялық шешімдерді қолдану, сондай-ақ жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттыру арқылы көліктегі өлім мен ауыр жарақаттарды азайту негізгі мақсат болды.

– Жүйе ұсынатын инженерлік, архитектуралық және технологиялық шешімдер көліктегі жол апаты мен жарақаттарды азайтуға көмегі көп. Vision Zero-ның жол қауіпсіздігін ұйымдастырудың әдеттегі тәсілінен басты айырмашылығы мәселелерді шешуде панаралық тәсілді алға тартады. Мысалы, дәстүрлі тәсілде негізінен көлік инженерлері мен жол полициясы ұсынған шаралар ескерілсе, Vision Zero жоғарыда аталған мамандардың ғана емес, денсаулық сақтау мамандарының, саясаткерлердің және басқа да мүдделі тұлғалардың пікірлерін топтастырады, – деді транспорт инженері Мақсұт Өтембердиев.

Түсінгеніміз, Vision Zero – жолды жобалаудың жаңа әдісі. Мұнда сала мамандары ғана емес, жанама қатысу бар бағыттағы сарапшылар пікірмен де санаспайды. Жүйенің қауіпсіздікке қатысты бірнеше ережесін мысалға алайық.

Vision Zero жолаушы жолағынан кемі алты метр қашыққа стоп-сызық белгілеу, қаладағы барлық қиындықтар бағдарламаны орнату, жаю жүргізуші өткелдерін көбейту секілді ереже ұсынады. Сондай-ақ көлік ағынынан қоршап тұратын өткел жай сызық күйінде емес, қоршап күйінде жасалуы керек деген талап та жүйе шешіміне кіреді. Демек жол-көлік қозғалысын барынша қауіпсіз қылу үшін Vision Zero-ны жетілдіріп, қолданыса енгізу маңызды.

Ерсін ШАМШАДИН, «Сыр бойы»

БІЛІМ

Республикалық кезеңге жолдама алды



Әйтеке би кентіндегі Бердік Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия – аудан орталығындағы іргелі білім ордасының бірі. Мектеп ұжымы мен оқушыларының бағындырған белестері де ауыз толтырып айтарлықтай. Бұған дейін республикалық «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде №226 мектеп-гимназиясының оқушылары жақсы нәтижеге жеткен болатын. Ал Қызылорда қаласында өткен облыстық оқушылар олимпиадасында жоғары жетістікті бағындырды. Атап айтқанда, 4-сынып оқушысы Еркеайым Дарханқызы (жетекшісі Орынкүл Шүйіншалиева), 3-сынып оқушысы Әмза Нұрлыхан (жетекшісі Айжамал Имбетова) 1-орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды.

Сондай-ақ, 3-сынып оқушысы Ұлықпан Нұрәли (жетекшісі Айжамал Имбетова), 4-сынып оқушысы Әмірхан Әзім (жетекшісі Кенжебай Гүлшат) 23-орынды қанжығасына байлады. – «Алтын сақа» олимпиадасы «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің бастамасымен, «Астана Дарыны» орталығының қолдауы арқасында 2016 жылы алғаш рет Астана қаласында ұйымдастырылып, қа-

зіргі таңда өзіндік орны бар республикалық олимпиадаға айналды. Бұл білім бәсекесі 3-4 және 5-6 сыныптар арасында өтеді.

Олимпиада мақсаты – мектеп оқушыларының білім деңгейін көтеру, математика пәніне қызығушылығын бар оқушыларды анықтап, резерв топтарын қалыптастыру негізінде республикалық және халықаралық олимпиадаларға дайындау.

Республикалық «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығының жұмыс жасағанына 10 жыл толды. Оқу орталығы жақында облысымызда ашылды. Егер баланың жазғы демалыста математикадан дайындағыңыз келсе, оқу орталығына барып тест тапсыруға болады. Тест сұрақтарына 100 пайыз жауап берсеңіз оқу тегін. 50 пайыз жауап берсеңіз оқу ақысының жартысын төлеп оқуға болады. Бұл тамаша мүмкіндік, – дейді ұстаздар.

Айта кетерлігі, жүлдегерлер мен жеңімпаздарды №226 мектеп-гимназияның ұстаздары мен оқушылары күш шоғымен қарсы алып, қошемет көрсетті.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, Қазалы ауданы

Жария талқылау туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 23-бабының 6-тармағына сәйкес «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен «Қандас мәртебесін беру не-месе ұзарту» мемлекеттік қызметтерін қолдау мақсатындағы жария талқылауды өткізгендігін хабарлайды. Жария талқылау 2024 жылдың 26 сәуірінде сағат 17:00-де, Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, № 47 үй мекенжайы бойынша 4-қабат, мәжіліс залында өткізіледі. Қосымша ақпаратты келесі байланыс телефоны арқылы алуға болады: 8/7242/262130.

Хабарландыру

«Кирпичный завод» ЖК басшысы Елубаев Ә.Ж. Қызылорда облысы Сырдария ауданында орналасқан «Жұлдыз» саздақ кент орны үшін тау-кен жұмыстарының жоспарына Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

Аумағына әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қызылорда қ., Досан ауылы. Тыңдау 29.05.2024 ж., сағат 11:00-де Қызылорда қ., Қосшыңырау а.о., Досан а., Досан Елеусінов к-сі, 1-б, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

ҚР аумағында ТЖ және карантин режимі күшейтілген жағдайда тыңдаулар бейнеконференция форматында өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Құпия сөзі 777.

Бастамашы «Кирпичный завод» ЖК директоры Елубаев Ә.Ж., ЖСН: 751020301293, Қызылорда қ., Қосшыңырау а.о., Досан ауылы, Досан Елеусінов к-сі, 20а үй, тел.: +7 (777) 228-39-68. Жобалық құжаттаманы өзінше «АЛАНТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Шалқар к-сі, 18, 15-көне, тел.: 8 (776) 1124854.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттармен танысуға <https://ecorportal.kz/> және «Қызылорда облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru> сайтында болады.

Жоспарланған қызмет туралы қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ e-mail бойынша жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрауға болады: alaik@mail.ru және тел.: 87761124854.

Жобалық материалдар бойынша өз ескертулерін, ұсыныстарын Бірыңғай экологиялық порталға жіберуге болады <https://ecorportal.kz/> және «Қызылорда облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан к-сі, № 1, тел.: +7 (7242)-60-53-62, электрондық мекен жайы: Prd@korda.gov.kz

///КЕШ

«КӨКТЕМДІ СЕНДЕРМЕН ҚАРСЫ АЛАМ»

Жалағаш топырағында біз білетін сонау Даңмұрын, Нысанбай жыраулардан бері Ә.Жүргенбаев, Т.Үркімбаев, Қ.Сүйеніш, З.Салықбаев, Т.Сарыбаев, М.Аяпов, Ж.Сарбалаев сынды талай тарлан ақындар өмір сүрген. Сөздің киесі қонған қасиетті мекен күні бүгінге дейін таланттардан кенде емес. Осындай тумасы бөлек ақын, талантты сазгер, ұлағатты ұстаз, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Айкүміс Орынбаеваны өмірдің мәуелі шағы – зейнеткерлік демалысына шығарып салуға арналған салтанатты кеш өтті.



Автордың танымал туындысы – «Көктемді сендермен қарсы алам!» әнімен мазмұндас әдеби-музыкалық кешті ұлағатты ұстаздың саналы ғұмырын өткеріп, талай шәкірттерін түлетіп ұшырған әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі ұжымы ұйымдастырды.

Туған жер төніп шықты жырлармен, сазды әуенімен тербеген Айкүміс Телғарақызының мерейтойында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов бастаған аудан басшылығы ауданның ең жоғарғы марапаты «Күрмет грамотасын» табыстап, ұлттық үрдіске сай сый-құрмет көрсетті. Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов, кә-

сіподақ ұйымының төрайымы Гүлзат Құрманбаева ұлағатты ұстаздың білім саласындағы айрықша еңбегін атап өтіп, облыстық білім басқармасының басшысы Аскарбек Есжановтың және аудандық білім бөлімінің құттықтауын табыс етті. Сонымен қатар, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі құттықтап, кеш қонақтары, ардагер ұстаздар ізгі тілегін арнады.

Кеш барысында Айкүміс Телғарақызының өмірінің мағыналы белестері, шығармашылығы, ұстаздық жолы, қоғамдағы орны, адами биік болмысы кеңінен насихатталды.

«Сыр сұхбатта» Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақынның әріптесі Тұрақ Ахе-

тов, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Ғазиза Әбілда, ақын Т.Сарыбаевтың жары Ақсұлу Еламанова, аудандық кітапхана директоры Үлмекен Меңдібаева, ақынның бауыры, «Мәмбет әули» кешінің шырақшысы Алтын Телғарақызы және әріптес ұстаздар кеш інісінің балалықтан даналыққа дейінгі өмір жолы туралы айтып, өткен күндердің қызықты шактарынан сыр шертті.

Ардақты ұстаздың «Қарлығаш келді үйіме» деп әніне қосқан шәкірттері еліміздің әр түркірінен арнайы құттықтай келіп, өмір жолында бағдар болған ұстаздарына алғыстарын

жеткізді. Тіпті шет елдерде жүрген шәкірттері де бейнеқұттықтау жолдап, ұстазының көңілін толқитты.

Кеш інісінің ұлы, осы білім ошағының түлегі Айбек Қалдыбаев автордың ақын Темірше Сарыбаевтың сөзіне жазылған «Жалағашым» әнін орындаған сәтте көрермен қошеметі ерекше болды. Өйткені осынау сөзі мен сазы үйлескен тамаша ән бүгінде жалағаштықтардың әнұранына айналған. Айта кетейік, ақынның жары Батырхан Сүлейменов те білім саласында еңбек еткен. Бүгінде балалары Нұрбек, Айбек Қалыбаевтар өнер жолын таңдаса, қызы Балнұр ұстаздық жолын жалғастырып келеді.

Мерекелік кеш барысын-

да ақын-сазгер Айкүміс Телғарақызы жас ақын, бірнеше әннің авторы, шәкірті Раушан Бекназарқызына «Қауырсын жырын» аманаттап, шығармашылық жолының жалғасына сенім білдірді. Ал мектеп-лицейдегі өнер бірлестігі атынан Алтын Жаңашева, Серікқұл Құлыбаева бастаған мұғалімдер автордың бірнеше әнін шырқап, шығармашылық кештің шырайын келтірді.

Қорытынды сәтте ұжымдастары ұлағатты ұстаз Айкүміс Орынбаеваға сый-құрмет білдіріп, шипажайға жолдама тартты.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

///ТАБИҒАТ ТЕРЕЗЕСІ



СӘУЛЕЛІ СӘУІР, ШИПАЛЫ ШАҚ

немесе бесқонақ және жаңбыр суы жайлы бір үзік сыр

Өңірімізде сәуірдің он бесіне дейін жаңбыр, сосын дауылды жел тұрғанын білеміз. Тіпті, есіктің алдындағы «аппақ» болып тұрған шиелердің гүлі шауыр болмай, сәуір болмайды», «сәуір болмай, сайран болмас, сайран болмай, айран болмас», «сәуір болса күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер», «сәуір жақсылығына бақса алты күн, жақсылығына бақпаса алпыс күн» деген сөздері осы себепті айтылған.

Лингвистердің айтуынша, «сәуір» сөзі араб тілінен енген, мағынасы «өгіз» деген екен. Бізге осы «өгіз» сөзінің керегі жоқ. Қазақ бұл айды «көкек» деп атаған. Бұлай аталу себебі көктемнің бір белгісі көкек құсының алғаш шақыра бастайтын мезгілімен байланысты. Бұл айдың өзгешелігі – құс үнінің ерекше байқалуы.

Кейіндеу біреулер көкек жеңітке құс, өз атын өз шақырады, сондықтан осы сөз жағымсыз мәнде айтылады деп ай атауын арабтан енген «сәуірмен» ауыстырған. Егер нақтысын айтсақ, бұл ай аты коммунистік идеологияның түкірігі жерге түспейтін замандағы партия басшыларының пәрменімен өзгерген. «Апрельде өткен партия пленумын «көкек пленумы» деп айтпамыз ба деп, «сәуір» деген атауды ендірген солар.

Шоқан Уәлихановтың пайымдауы бойынша, көкек – жағымсыз құс емес, керісінше, киелі құс. Бес биенің сабаһын сәуір жаңбырын неге қолданмай бәйбішелер май мол болады деп, көкек қонған бұтақты алып, сүт құйған сабаға салып қоятын болған.

Менің жаным да «көкек» сөзі жақын. Осы көкек құсы жайында мен газетке мақала да жазғанмын. Шынында көкек өз атын шақырмайды, ол «кук-кук» деп дыбыс шығарады. Сол дыбысты қағып алып, оған «көкек» деп ат қойып жүрген адамдардың өзі.

Мысалы қарғаны да қарқылдаған даусына қарап «қарқ-қарқ» деп атағанбыз, келе-келе сол қарға болып кеткен. Әйтпесе, ертеке болмаса өмірде құстардың өзіне ат қойып жатқанын естіген біреу бар ма?

Жарайды, бүгін бұл мәселені талқылайын деп отырған жоқпыз.

Сәуір айында «бесқонақ», «қызыр қамшысы», «тобылғы жарған», «отамалы» деген төрт амал кіреді. Жауын-шашынды, желді, кейде боранды осы

амалдар өтпей, жайма шуақты күндер басталмайды. Демек, бұл амалдар кәрі қыстың «түяк серпу» секілді. Қазақтың «сәуір болмай, сәуір болмайды», «сәуір болмай, сайран болмас, сайран болмай, айран болмас», «сәуір болса күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер», «сәуір жақсылығына бақса алты күн, жақсылығына бақпаса алпыс күн» деген сөздері осы себепті айтылған.

Өзімізге жақын мысалды-ақ алайық. Сәуір айының он бесінші күні келмей, қаладағы көпқабатты үйлер жылудан ажыратылмайды. Демек, жаз шықты дегенге әлі сенім жоқ.

Мұнан ұғатынымыз, сәуір айы – табиғатқа ерекше серпін, өзгеше өзгеріс әкелетін ай. Дінімізде сәуір жаңбырының адам ағзасына берер шипасының мол екендігі жөнінде де айтылған. Жыланның уы, балықтың інжуі, тіпті бал арасының балы да осы жаңбыр суынан пайда болады дейді. Ең таза судың сәуір жаңбыры екені өмір тәжірибесімен дәлелденген.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистерінің бірінде: «Мені хак Пайғамбар қылып жіберген Алла Тағалаға ант айтпамыз ба деп, «сәуір» деген атауды ендірген солар.

Шоқан Уәлихановтың пайымдауы бойынша, көкек – жағымсыз құс емес, керісінше, киелі құс. Бес биенің сабаһын сәуір жаңбырын неге қолданмай бәйбішелер май мол болады деп, көкек қонған бұтақты алып, сүт құйған сабаға салып қоятын болған.

Менің жаным да «көкек» сөзі жақын. Осы көкек құсы жайында мен газетке мақала да жазғанмын. Шынында көкек өз атын шақырмайды, ол «кук-кук» деп дыбыс шығарады. Сол дыбысты қағып алып, оған «көкек» деп ат қойып жүрген адамдардың өзі.

Мысалы қарғаны да қарқылдаған даусына қарап «қарқ-қарқ» деп атағанбыз, келе-келе сол қарға болып кеткен. Әйтпесе, ертеке болмаса өмірде құстардың өзіне ат қойып жатқанын естіген біреу бар ма?

Жарайды, бүгін бұл мәселені талқылайын деп отырған жоқпыз.

Сәуір айында «бесқонақ», «қызыр қамшысы», «тобылғы жарған», «отамалы» деген төрт амал кіреді. Жауын-шашынды, желді, кейде боранды осы

Дүйсенбек АЯШУ.ПЫ,
«Сыр бойы»

///БӘРЕКЕЛДІ!



Қызылордалық балуан Айдос Сұлтанғали (60 келі) Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында өткен грек-рим күресінен Париж Олимпиадасына лицензиялық турнирде жолдамаға ие болды. Бөзкілемде қарсыластарын қоғай жапырған жерлесіміз енді төрт жылда бір келетін беделді бөсекеде ел намысын қорғайды.

АЙДОС ОЛИМПИАДАҒА БАРАДЫ

Білікті мамандар лицензиялық турнирге үкілеп алып барған үздіктер арасынан Айдостың мүмкіндігі жоғары екенін айтқан еді. Талай жарыста қарсыласының жауырынын жерге тигізген жампоз бұл жолы да сыр алдыра қойған жоқ. Алдымен ол Ирак балуанын жеңіп, ширек финалға шықты. Жарыстың одан кейінгі сатысында тәжікстандық Асламжан Азиевпен кездесті. Қарсыласы да осал емес, бөзкілемде талай белдесуді өткізген тәжірибелі балуан болатын. Жанкүйерлерді қуантатын жоғары нәтижеге қол жеткізімнен деген ойдамын. Десе де Айдостың шеберлігі жоғары екені байқалып тұрды. Нәтижесінде ол қарсыласын 2:1 есебімен қапы қалдырып, жарытпай финал жолдамасына қол жеткізді.

Шешуші кезеңде оған тайпелік балуан жолыққан еді. Әбіл қимылымен көзге түскен жерлесіміз белдесу барысында емин-еркін қимылдап, қарсыласының мысын баса түсті. Сол арқылы тайпелік балуанды айқын басымдықпен жеңді. Осылайша жазда Франция астанасы Париж қаласында жалауын көтеретін айтулы аламанды еліміздің атынан бақ сынауға мүмкіндік алды.

Айдос Сұлтанғали 1996 жы-

лы 7 ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Оған Виктор Юн және Ғабиден Райымбек сынды бапкерлер тәлім береді. Жастар және жасөспірімдер арасындағы түрлі бөсекелерде топ жарған жерлесіміз 2018 жылы Әлем чемпионатында қола медаль алған еді. Сол жетістігін 2022 жылы тағы бір мәрте қайталады. Сондай-ақ, оның еншісінде 2021 жылғы Азия чемпионатында алтын медаль бар.

– Ендігі басты бөсекеде қазақстандық жанкүйерлерді қуантатын жоғары нәтижеге қол жеткізімнен деген ойдамын. Осындай жетістікке жетуіме қолайлы білдірген бапкерлеріме, отбасыма, ата-анам, бауырларыма және басқа да азаматтарға үлкен алғысымды білдіремін, – деді қызылордалық балуан журналистерге берген сұхбатында.

Айта кетсек, қазірге дейін жерлеріміз арасында бокстан Қамшыбек Қоңқабаев (91 келіден жоғары) алдағы Олимпиадаға жолдама алған еді. Енді олардың қатарын дзюдодан Мағжан Шамшаддин (60 келі), Абылайхан Жұбаназар (81 келі) және Нұрлыхан Шархан (100 келі) толықтыруы мүмкін.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

///КИНО



ҚЫРҒЫЗДЫҢ КӨРКЕМ ТУЫНДЫСЫ

Еліміздің кинотеатрлары сәуірдің алғашқы күндерінен қырғызстандық режиссер Руслан Ахунның «Пейш. Жұмақ ананың табанының астында» фильмін көрерменге ұсынды. Көркем туынды арқылы режиссер ізгілік, мейірімділік, адамгершілік, бейбітшілік секілді ұғымдарды адамзат баласына ұғындыруға ұмтылған. Идея авторы бұл мақсатына жеткенін фильмді тамашалауға келген көрерменнің көп екенімен-ақ көз жеткізуге болады.

Осындай көрсетілімнің бірін Қызылордада біз де тамашалап қайттық. Алғашқы сәттен оны көруге келген жұртшылық өзінің эмоциясын жасыра алған жоқ. Бірге ойнайтын досынан анасын Меккеге дейін жауу апарса екеуі жаннатқа кіре алатынын біледі. Алғашқыда бұл ұсыныстан бас тартқан кейуана кейіннен ауылдастары баласына күліп жүрмесін деген оймен келіседі. Осылайша ана мен баласы Меккеге баруға ортақ шешімге келеді. Анасының мемлекеттік шекарадан өткізбей қойса, амалсыздан кері қайтамыз деген ойы да бар еді.

Үлкен сапарға аттанған айы онынан туып, жолы бола кетеді. Қызығы мен қиындығы қатар жүрген сапар барысында олар талай сынақтан өтеді. Өмірдің өткелдерін көзбен көріп, сол ауырталықты артта қалдырады. Қай кезде де қатыгездік пен мейірімділік ұлт таңдамайтынын көкейге тоқиды. Кино желісінде ананың ұлына деген махаббаты шексіз екенін пайымдайсыз.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АК» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.